«Reservoir Evaluation Services» ЖШС

**БЕКІТІЛДІ:**

Гольмшток А.А.
«Reservoir Evaluation Services»
директоры
12 қазан 2016 ж.

# Қауіпсіздік пен Еңбекті Қорғау негіздеріне қатысты саясат

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС жұмыс орнындағы өмірге қауіпсіз жағдай мен денсаулықтың үкіметтік органдар, қауымдастық, жұмыс берушілер, жұмысшылар және әрбір жеке адам үшін ұжымдық жауапкершілік болып табылатындығын мойындайды.

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС осы саясатты қолдау мақсатында өз күшін төмендегілерге жұмсайтын болады:

Сәйкестік

- Жұмыс орнында қауіпсіз жағдайды құруға арналған қолданыстағы заңдарды, реттеуші талаптарды және салалық стандарттарды сақтау

Басқа тараптармен өзара қарым қатынас

- Біздің компания өз қызметін жүргізіп отырған елдердегі халықаралық денсаулық сақтау ұйымдарымен, кәсіби медицина агенттіктерімен, клиенттермен, жергілікті үкіметтік ұйымдармен, жергілікті қоғамдармен және медицина қызметтерін жеткізушілермен ашық және конструктивтік өзара қатынастарды дамыту және қолдау

Тәуекелдерді басқару

- Жұмыстарды жүргізу орындарындағы денсаулыққа келетін зиянды анықтау және бағалау және осы зияндарды мүмкіндігінше төмендету мақсатында денсаулыққа келетін зияндарды бағалау
- Жергілікті қауым, мердігерлік жұмыскерлер және олардың отбасылары жобаның ықпалына ұшыраған барлық жағдайларда денсаулыққа келтірілген әсерлердің бағасын құру
- Денсаулықты қорғау мәселелеріне жергілікті деңгейде, ел деңгейінде және жалпы ғаламдық деңгейде белсенді және заманауи түрде араласу
- Апат кезінде көмекке келудің дұрыс техникалық мүмкіндіктері мен жоспарларын жасау

Жұмысқа жарамдылық

- Белгілі бір өндірістік ортада жұмысқа жарамдылықты растау үшін жұмысқа жарамдылықты бағалау шараларын жүргізу

Қауіпсіз жағдай тәжірибелері

- Персоналға қажетіне қарай қолайлы және гигиеналық таза офистік бөлмелерді, жұмыс орындарын және тұруға, демалуға арналған бөлмелерді қамтамасыз ету
- Біздің іскерлік белсенділік шегінде қауіпсіз жағдай бойынша ең жақсы тәжірибелерді ілгерлету

«Reservoir Evaluation Services» ЖШС

- Шылым шегуге (темекі мен электронды сигарет) тыйым салуды қоса алғанда, тыйым салынған заттармен әуестенуге қатысты «Reservoir Evaluation Services» ЖШС саясатын қолдау және енгізу

Білім беру

- Қызметті қауіпсіз әдістермен қамтамасыз ету мақсатында «Reservoir Evaluation Services» ЖШС жұмыскерлерін, сондай-ақ, мердігерлерді оқыту, ақпарат беру және жұмылдыру
- Жұмыскерлерді қауіпсіз жағдайдың негіздерімен және олардың осы саясатқа қатысты жеке жауапкершіліктерімен таныстыру

Басшылықтың шолу жасауы

- Ұдайы шолу жүргізу арқылы денсаулықты қорғау деңгейін әрдайым арттырып отыруға ұмтылу
- Тексеру және әрқашан жетілдіріп отыру мақсатында денсаулықты қорғау индикаторларын бақылау
- Денсаулықты қорғау жөнендегі есептерді жариялау

Осы саясатты қолдайтын нақты міндеттерге қол жеткізуге желілік менеджмент жауапты болып табылады.